



• ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Кінәлілерге кешірім жоқ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Қарағанды облысындағы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ «Қазақстан» шахтасында апат салдарынан қаза тапқан шахтерлердің отбасы мүшелерімен кездесіп, ауруханада жатқан зардап шеккен кеншілерге барды. Кездесу барысында Үкімет басшысы қаза тапқан кеншілер отбасыларының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтты. «Сіздердің орны толмас қайғыларыңызға ортақпыз», – деді Әлихан Смайылов.

Erkanat KEÑESEBEKYLY, «Ortalyq Qazaqstan»

Жауаптылар жазаланады

Үкімет басшысы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша шахтадағы апаттың себептерін егжей-тегжейлі зерттейтін арнайы комиссия құрылғанын атап өтті.

– Жауаптылар тиісті түрде жазаланады. Былтыр да дәл осындай жағдай болған. Ол кезде басшылық қажетті шара қабылдап, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, инвестиция салуға уәде берген еді. Бірақ, көріп отырғанымыздай, қайғылы оқиға қайталанды. Қажетті көлемдегі қаражат бөлінбеді. Сондықтан, күн тәртібіне «Бұл компания иесіне қатысты қандай шешім қабылданады?» деген сұрақ қойылды. Қайғылы оқиғалар бойынша тергеу амалдары аяқталуға жақын. Қыркүйек айында материалдар сотқа жіберіліп, кінәлілер, оның ішінде, компанияның топ-менеджменті жауапқа тартылады деп күтілуде. Мұның соңына жететініміз анық, – деді Премьер-Министр.

Қамқорлық қамы

Жүздесу кезінде қаза тапқандар отбасына мемлекет пен жұмыс беруші тараптан ең қажетті қолдау шараларының атқарылатыны мәлімденді. Атап айтқанда, республикалық бюджеттен асыраушысынан айырылу жағдайында берілетін жәрдемақы мен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлем қарастырылған.

Бұған қоса қаза тапқандардың отбасына жұмыс беруші компания кеншілердің жылдық жалақысының 10 еселенген мөл-



шерінде моральдық зиян үшін біржолғы өтемақы төлеп, жерлеу және еске алу шараларын өткізу шығындарын өтейді.

Кеншілер отбасы тұрғын үйі болмаған жағдайда Қарағанды облысы аумағында пәтер беріледі. Отбасындағы жасөспірімдерді жоғары оқу орнында тегін оқыту қамтамасыз етіледі. Компания отбасы мүшелерін жұмысқа орналастырады әрі ипотекалық несиеден өтейді. Атап өтерлігі, осы міндеттемелер легі «АрселорМиттал Теміртау» АҚ меншік иесі ауысқан жағдайда да жалғасатыны белгіленді.

Премьер-Министр атап өткендей, қазіргі уақытта «АрселорМиттал Теміртауда» халықаралық компанияларды

тарта отырып, экологиялық аудит және өнеркәсіптік қауіпсіздік аудиті аяқталуға жақын. Қыркүйекте нәтижесі шығып, тиісті шешімдер қабылданады.

Кездесу барысында кеншілер үшін зейнеткерлік жасты төмендету мәселесі көтерілді. Әлихан Смайылов қазіргі уақытта шахтерлерге ертерек – 55 жастан бастап, зейнетке шығуға мүмкіндік беретін заңнамалық өзгерістер енгізіліп жатқанын айтты.

Әлихан Смайылов профессор Х.Мақанов атындағы көпсалалы ауруханада ем алып жатқан кеншілерге жолықты. Кәсіпорын шахтерлерге еңбекке жарамсыздық кезеңінде орташа еңбекақының

100% мөлшерінде төлем жүргізетіні, дәрі-дәрмек құны төленетінін, санаторий-курорттық ем ұсынылып, тиісті өтемақы өндірілетіні жеткізілді.

– Тезірек сауығып, отбасыларыңызға оралыңыздар, – деп тілек қосты Әлихан Асханұлы.

«АрселорМиттал

Теміртау» пайда табуы ғана көздеген

Шахтинск қаласында Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның «Қазақстан» шахтасындағы жағдайға қатысты кеңесі өтті.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев оқиға хронологиясын жариялады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша апат себепін анықтау жөніндегі арнайы комиссия жұмысына тоқталды.

► 2-бет

• МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ

Құмар ойынға шектеу қойылмақ

Erkanat KEÑESEBEKYLY, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстандық мемлекеттік қызметкерлер мен құқық қорғау органдарының өкілдеріне, қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын орындарына баруды шектеу ұсынылады. «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» қаулы жобасы Ашық нормативтік-құқықтық актілер порталында жарияланды.

«Құмар ойындар бизнесі» туралы заңда жазылған анықтамаға жататын ойын мекемесіне бармау – әскери қызметкерлердің, сондай-ақ құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау және мемлекеттік фельдшерлік қызметтер, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талап. Казиноға қызмет бабына байланысты міндетті орындаған жағдайда ғана баруға болады.

«Билік өкілдерінің ойын мекемесіне баруы қоғам тарапынан негізді сын тудырып, беделіне нұқсан келтіреді. Оларға жоғары талаптар қойылады. Олар мемлекеттік биліктің абыройы мен беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеуі керек. Бұл түзетулер қызметтік этика нормаларының талаптарын сақтау шеңберінде әскери қызметшілерді ойын мекемесіне барудан бас тартуға ынталандыруға бағытталған ұсынымдық сипаттағы нормаларды енгізуді ұсынады», – дейді заң жасаушы.

Құжат 28 тамызға дейін қоғамдық талқылауда болады.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Иммунитет үшін маңызды

Облыста қыркүйекте оқушыларды туберкулезге қарсы ревакцинациялау науқаны басталады. Қазірдің өзінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Одан бөлек, мектептерде өтетін ата-аналар жиналысына дәрігерлер қатысып, сұрақтарға жауап береді. Ревакцинацияның маңызды екенін облыстың бас санитарлық дәрігері Юрий Залыгин айтты.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Балалардағы туберкулездің алдын алу жөніндегі іс-шаралар профилактикалық етулердің ұлттық күнтізбесінде белгіленген. Вакцинацияның өзі биылғы жылдың 4 қыркүйегі мен 29 желтоқсаны аралығында облыстың жалпы білім беретін мектептерінде – бірінші сынып оқушылары арасында алдымен Мамантұрғанұлы алу арқылы өтеді.

– Балалар мен жасөспірімдердің туберкулезге шалдығу қаупі жоғары. Аурудың алдын алудың негізгі әдісі – бала дүниеге келгеннен кейін жасалатын БЦЖ вакцинациясы. Одан бөлек, алты жасында ревакцинация жасалады. БЦЖ вакцинациясынан кейінгі иммунитет орта есеппен бес-жеті жылға созылады. Ал, тұрақты иммунитетті сақтау үшін ревакцинациядан өту маңызды. Екпені тегін алуға болады, – дейді Юрий Залыгин.

Вакцинация өзін қорғауға және айналасындағыларды қорғауға мүмкіндік береді. «Өзіңді және балаңызды вакцинациялау арқылы жұқпалы аурулардан қорғанаңыз. Сол арқылы өз денсаулығыңыз бен балаларыңыздың денсаулығына қауіпті төмендетесіз», – деп қосты бас санитарлық дәрігер.

• БРИФИНГ

Жастарға қолдау қандай?

Әлеуеті зор, іскерлік кезеңдегі жастардың проблемасы – қашан да күн тәртібінен түспеуі тиіс мәселе. Ойлы жастың ерік-жігерін дұрыс жолға бағыттап, ертенгі күні елдің әлеуетін алпауыт күшке айналдыру үшін елімізде атқарылып жатқан шаруалар да аз емес.

«Қазақтың ренессанс дәуірі яғни түбегейлі өзгерістер заманы келеді. Біз, аға буын өкілдері, еңбекқорлық, іскерлік сияқты құндылықтарды өзіміз үлгі көрсету арқылы дәріптеуіміз керек. Жастарымыз көп сөзге құмар, жағымпаз, жалқау, енжар, масыл болмауға тиіс. Оларды осындай теріс әдеттерден қашық болуға үйретуіміз керек» деген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзгерісті мадақ үшін емес, өзі үшін жасау керектігін үндеген болатын. Облыста жастар саясаты қалай жүзеге асырылуда? Мемлекет тарапынан қандай қолдау көрсетіледі? Жастардың белсенділігі қандай? Бұл сұрақтарға Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында құзырлы орган өкілдері жауап берді.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыс халқының төрттен бірінен астамы – 35 жасқа дейінгі жастар. Оның ішінде, қала жастарының саны – 251 427 болса, ауыл жастары – 73 774.

– Жастық шақ – бұл әр адамның өміріндегі әдемі кезең ғана емес, сонымен бірге ерекше ақыл-ой жағдайы. Бұл – бағыт-бағдарды іздеу, ашу және іске асыру уақыты. Дәл бүгінгі оқушылар, студенттер, жас жұмысшылар, кәсіпкерлер, ғалымдар – Қазақстанның даму жолдарын анықтайды. Жастардың жан-жақты дамуы мен қалыптасуына қажетті жағдайлар мен кепілдіктер жасау үшін түрлі бағыттарда мақсатты жұмыс ұйымдастырылды, – дейді облыстың жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ұлан Омаров.

Облыста жастарды өңір экономикасының дамуына белсенді тарту, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, жастардың әлеуметтік бастамаларына қолдау көрсетуде ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Мәселен, Ұлан Тұрарұлы биыл 2023 жылы жастар саясатын қаржыландыру көлемі 2457 млн. теңге болғанын айтады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға жоғары.

Әлбетте, жастар саясатын іске асыруға Жастар ресурстық орталығының қызметі ықпал ететіні сөзсіз. Мұндай орталықтар



облыста – 14. Биылдың өзінде 193 799 адамды қамтитын 2386 шара өткен. Олар

заңгер мен психологтың көмегі, жұмыспен қамту жөніндегі бағдарламаларға түсіндіру

ме, кәсіпкерлік мәселелері сияқты жұмыстарды қамтиды.

Ұлан Тұрарұлы жоғарыда аталған ауқымды шараларға қарамастан, проблемалық мәселелер бар екенін жоққа шығармайды. Олардың ең бастысы – жұмыссыздық және NEET жастар.

– 2023 жылғы 2 тоқсанның қорытындысы бойынша NEET жастардың үлесі – 10,8%. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,6%-ға жоғары. Ал, жастардың жұмыссыздық деңгейі – 3,4%, – дейді Ұлан Омаров.

Облыста NEET жастардың үлесін және жұмыссыздықты азайту мақсатында атқарылған шараларға да тоқталды Ұлан Тұрарұлы. Мәселен, өтінші билдірген 11 141 жастың 7238-і жұмысқа орналастырылып, Жастар практикасына 294 адам жіберілген.

Одан бөлек, облыстағы кәсіпорындарға да тұрақты жұмысқа орналастыру белсенді жүруде. Мәселен, «Саған» индустриялық аймағының кәсіпорындары, атап айтқанда, «KamaTyresKZ» ЖШС, «QazTechna» ЖШС-не жұмысқа орналастыру мақсатында жұмыс берушілер жоғары оқу орындары мен колледж түлектерімен тиісті мамандықтар бойынша кездесулер ұйымдастырған. Тіпті, жастардың қызығушылығын ояту мақсатында Айдос Әрінов, Бақтияр Омарханов тәрізді танымал блогерлер де тартылған.

Жыл сайын жастардың бизнес жобаларын қолдауға мақсатты гранттар бөлінетіні де айту керек. Ұлан Тұрарұлы 645,6 млн. теңге сомасына 143 микрокредит, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы жастар үшін 53 грант берілгенін айтады.

Одан бөлек, «Дипломмен ауылға!» жобасы аясында ауылдық жерге жұмысқа келген әлеуметтік сала мен агроөнеркәсіптік кешеннің дипломы жас мамандары, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметкерлері көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға несие алады.

► 2-бет



Кінәлілерге кешірім жоқ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның айтуынша, шахтада жолған екі кенші іздестірілуде. Д-6 көмір конвейерінің жанындағы өртті сөндіру жұмыстары жалғасқан. Жұмысқа тау-кен құтқарушыларының төрт бөлімшесі жұмылдырылған.

Ал Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановтың айтуынша, 2016 жылдан бері «АрселорМиттал Теміртау» АҚ көмір шахталарында апаттар қатары еш азаймаған. Мысалы, 2016-2022 жылдары аралығында 18 апат орын алып, салдарынан 19 жұмысшы қаза тапқан. Тағы 45 жұмысшы әртүрлі дәрежеде жарақаттанған. 2021-2022 жылдары «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорындарында төрт апат тіркеліп, 21 адам зардап шекті. 12 адам қайтқан.

Апат себептерінің сап басында технологиялық процестердің өз деңгейінде ұйымдастырмау, қауіпсіздік талаптарын біле тұра ескермеу, өндірістік бақылаудың тиімсіздігі, негізгі және қосалқы жабдықтардың тозуы тұр.

Былғы жеті ай қорытындысы бойынша «АрселорМиттал Теміртау» АҚ көмір кәсіпорындарында алты рет тексеру жұмысы жүргізілді. Онда 957 өнеркәсіптік қауіпсіздік талабының бұзылуы анықталды. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 55 қауіпті өндірістік нысан мен қауіпті техникалық құрылыс жұмысын тоқтату туралы жеті талап-арыз жолданған. Қазір сот шешімімен 25 нысанның жұмысы тоқтатылған.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев соңғы жылдары «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен өндірісті жаңғыртуға инвестициялар мен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы шаралар бойынша бірқатар стратегиялық құжаттарға қол қойылғанын хабарлады. Алайда, кәсіпорын өз міндеттемелерін орындамай отыр.

Осылайша, жыл сайынғы пайда тек ағымдағы қызметті қолдауға ғана бағытталады. Мәселен, кокс пештерінің бірқатар батареялары мен химиялық өңдеу цехы апатты жағдайда. Екі жаңа пештің құрылысына келісімшарт жасалмай, пеш қоры бұзылуда. Нәтижесінде бұл өндірістің қысқаруына



әкеледі.

Премьер-Министр болған қайғылы оқиға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заң бұзушылықтармен тікелей байланысты екенін атап өтті.

– Бұл – ең алдымен, кәсіпорын иесінің кінәсі. Олар компания тыныс-тіршілігінен хабарсыз. Салдарынан бірнеше жыл бойы қайғылы жайттар қайталануда. Көріп отырғанымыздай, жұмысшы үшін тиісті қауіпсіздік деңгейі сақталмай, кәсіпорын жұмысының барлық кезеңінде тек пайда табуды көздеген. Ең қайғылысы, адам өлімі жиілеген, – деді Әлихан Смайылов.

Дерек көңіл көншітпейді

Үкімет басшысы атап өткендей, «АрселорМиттал Теміртау» басшылығы қауіпсіз еңбек жағдайын қамту бойынша қабылданып жатқан шаралар мен елеулі инвестиция көлемінің бағытталауы жөнінде әрдайым мәлімдеп келеді. Алайда, орын алып жатқан апаттар мен қайғылы оқиғалар кері көрсеткіш көрсетті.

– «АрселорМиттал Теміртау» нысандарында соңғы 15 жылда 100-ден астам адам қаза тапты. Бұл сан жыл сайын өсіп барады. «АрселорМиттал» халықаралық компаниялар тобындағы әрбір екінші қаза қазақстандық дивизионға тиесілі болып отыр, – деді Әлихан Смайылов.

Оның айтуынша, аймақтағы экологиялық жағдай да ерекше назар аударуды қажет етеді. Теміртаудағы барлық зиянды шығарындардың 88%-ы осы кәсіпорынға тиесілі. Нәтижесінде қала тұрғындарында онкологиялық

сына дейін төмендеді. Болат шығару көлемі өткен жылы 6 млн. тоннадан 3 млн. тоннаға дейін екі есеге қысқарды. Көмір өндіру төрттен бір бөлікке азайды, – деп атап өтті Премьер-Министр.

Ол сондай-ақ, лонжеронды



аурулардың, тыныс алу жолдары ауруларының және басқа да сырқаттардың өсуі байқалады.

– Атап өткеніміздей, кәсіпорын өндірісті жаңғырту, жаңа технологияларды енгізу бойынша шаралар қабылдамайды. 30 жылға жуық уақыт ішінде біз комбинаттың күйреуін ғана көріп отырмыз. Жекешелендіру кезінен бері оның өндірістік көрсеткіштері жарты-

және электротехникалық болаты, басқа да жоғары маржиналды нормативтерді шығару бойынша құзыреттерінен айырылғанын айтты. Нәтижесінде жұмыспен қамтылғандар саны 72 мыңнан қазіргі 30 мың адамға дейін қысқарды.

Әлихан Смайылов инвестициялар бойынша міндеттемелер де маз емес екенін атап өтті. Олар

декларацияланып, бірақ орындалмай келеді. 2018 жылы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қарағанды облысының әкімдігі және «АрселорМиттал Теміртау» арасында Кәсіпорынды дамытудың 2020 жылға дейінгі жол картасына қол қойылды.

– Инвестициялар 305 млрд. теңге көлемінде мәлімделген еді. Алайда, бұл міндеттемелер орындалмады, – деді Үкімет басшысы.

Кесім

2021 жылы 3 млрд. доллардан астам сомаға Жаңғыртуға инвестициялар құю туралы келісімге қол қою жоспарланған еді. Алайда, компания тек 1 млрд. долларлық жоба ұсынды.

– Іс жүзінде бұл қаражат ағымдағы жөндеуге бағытталып, жаңғыртуға арналған ұзақ мерзімді инвестиция емес еді, – деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр апатты тез арада жою жөнінде жедел шаралар қабылдау, оның себептерін жан-жақты зерттеу және осы қайғылы оқиғаға кінәлілерді анықтау қажеттігін атап өтті.

– Қарағанды облысының әкімдігі «АрселорМиттал Теміртаумен» бірлесіп, қаза тапқандар

• АКЦИЯ

111 МЫҢ ТОННА ҚОҚЫС ЖИНАЛДЫ

Қарағанды мен Балқаштағы су айдындарын қоқыстан тазарту мақсатында жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Мөлдір су» экоакциясы биыл да ұйымдастырылды. Осы жылы еріктілер жалпы саны 265 қап қоқыс жинады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Мөлдір су» экоакциясы 2016 жылдан бері республикалық деңгейде ұйымдастырылып келеді. Бұл жолы Қарағандыдағы Рига көшесі жағынан Федоров су қоймасына дейін тазартылды. Акцияға 48 адам қатысты. Кешіпшілер шаһарында 95 қап қоқыс жиналды.

– Тазалық – денсаулық кепілі. Қаланың әр тұрғыны «Бұл – менің қалам!» деп жаны ашыса, оның лас болып жатқанын қаламайды. Біз осы акцияны жыл сайын өткізіп, тазалықты мәдениетті болуды насихаттап келеміз. Өйткені, суды ішіп болып, бөтелкесін лақтырмай, арнайы қоқыс жәшігіне салу – мәдениеттілік, – дейді экоакцияны ұйымдастырушылар.

Балқашта көлдің жағалауы тазаланды. Акцияға қатысқан 50 экоерікті 170 қап қоқыс жинады. Әкімдік қоқысты полигондарға дейін тасымалдауды қамтамасыз етті.

Алты жыл ішінде «Мөлдір су» акциясына 1400-ден астам адам қатысып, 111 тонна қоқыс жиналған. Оның бір бөлігі қайта өңдеуге жіберілді.



Күзгі жиын-терімге дайындық қызу

Биыл өңірде шамамен 458 мың ірі қара, 696 мың қой, ешкі, 312 мың жылқы қыстауға түседі. Мал басын Арқаның алты айлық қысынан күйлі шығару үшін 1,9 млн. тонна шөп қажет. 994 мың гектар жерден астық жиналады. Дизель отынының қоры жеткілікті. Қысқа дайындық деңгейін облыс әкімдігінде өткен аппараттық жиында ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сырым Бошпанов баяндады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Баяндамада айтылған ресми мәліметтерге сүйенсек, қазірдің өзінде 1 млн. 420 мың тонна шөп жиналған. Мал азығын дайындау жұмыстарын пысықтау мақсатында арнайы топтар құрылыпты. Мамандар орман қорындағы жерлерді де фермерлерге үлестіріп жатыр. Шөп шабу науқанына 3,1 мың тонна дизель отыны беріліпті. Биыл шөптің бір тоннасы шамамен 35 пен 55 мың теңге аралығында сатылуда. Осы жаздың құрғақ болуына байланысты мал басын қысқы кезеңге жем-шөппен толық қамтамасыз ету үшін қосымша 300 тонна сабан дайындалады.

Жем-шөп құнын арзандату үшін 727 шаруа қожалығына субсидия берілген. Қаражаттың көлемі 801 млн. теңгені құрайды. Ұсақ малға да қарастырылған. Өтінім қыркүйектен бастап қабылданады.

Астық 994 мың гектардан жиналады. Бұл көлем былтырғы деңгейден 74,4 мың гектарға артық. Мұндағы 813,4 мың гектарда бидай, 160,4 мың гектар арпа, 13,7 мың гектар сұлы. Ауа райы қолайлы болған жағдайда, егін орағы 24 жұмыс күнде аяқталады деп күтілуде. Бүгінде Абай, Бұқар жырау және Шет аудандарының жекелеген шаруашылықтары астық жинау жұмыстарына кірісті. Жоспар бой-



ынша жаппай астық жинау 1 қыркүйектен басталады.

– Бүгінде дәнді дақылдардың өсімі жақсы. Қурап қалған мөлшерді есептей отырып, 6,3 мың гектар есептен шығарылып, алдын ала деректер бойынша орташа өнімділік гектарына 9,5 центнер болғанда, астықтың жалпы түсімі 940,4 мың тонна көлемінде болады деп күтілуде, – деді ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сырым Бошпанов.

Өңірде сыйымдылығы 145,0 мың тонналық 4 лицензияланған және 82,6 мың



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

тонналық 3 лицензиясыз астық қабылдау кәсіпорыны дайын. Одан бөлек, шаруашылықтарда сыйымдылығы 854,4 мың тоннаны құрайтын 546 астық сақтау қоймалары бар.

Сонымен қатар, шаруашылық құрылымдарымен 29,6 мың гектардан майлы дақыл, 11 636 гектардан картоп (2022 жылмен салыстырғанда 129 гектарға артық) және 1 321 гектардан көкөніс (2022 жылмен салыстырғанда 114,4 гектарға кем) жиналады. Күзгі дала жұмыстарына бөлінген арзандатылған дизель отынының жалпы көлемі – 21,2 мың тонна. «Мұнай – Сопау» ЖШС және «Тұрманов»ЖК операторлары шілде айына бөлінген 4 000 тонна дизель отынының литрін 270 теңгеден сатты. Тамыз айынан бастап 250 теңгеге түсті.

Жастарға қолдау қандай?

(Соңы. Басы 1-бетте)

– «Дипломмен ауылға!» жобасы бойынша 2023 жылға 201 әлеуметтік сала және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне тұрғын үй сатып алуға 1 040,2 млн. теңге сома-сында қаржы бөлінді. 335 маманға 115,6 млн.теңге көтерме жәрдемақы қарастырылды. Сондай-ақ, 151 маман 52,1 млн. теңгеге көтерме жәрдемақы алды, – дейді Ұлан Омаров.

Жастар саясаты мәселесіндегі маңызды бағыт – жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өмір сүру сапасын жақсарту, олардың заңды құқықтары мен мүдделерін сақтау мақсатында осы санаттағы жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің кешенді жоспарына сөйкес 2023-2027 жылдарға 470 пәтер бөлу жоспарланған.

– 2022 жылдан жас мамандарға арналған өңірлік ипотекалық бағдарлама іске асырылуда. Бағдарлама пилоттық режимде облыс орталығында қолға алынады. Барлығы 7 әлеуметтік маңызды санат бойынша 92 несие бөлінді. 2023 жылы республикада алғаш рет осы бағдарламаға моноқалалар қатысады. Жалпы бюджет 2,75 млрд. теңге, – деді басқарма басшысының міндетін атқарушы.

Облыста 4,5 мың жасты қамтитын 73 еріктілер ұйымдары мен тобы жұмыс істейтіні де айтылды баспасөз мәслихатында. Бұл туралы облыстың Жастар ресурстық орталығы директорының



2022 жылдан жас мамандарға арналған өңірлік ипотекалық бағдарлама іске асырылуда. Бағдарлама пилоттық режимде облыс орталығында қолға алынады. Барлығы 7 әлеуметтік маңызды санат бойынша 92 несие бөлінді. 2023 жылы республикада алғаш рет осы бағдарламаға моноқалалар қатысады.

орынбасары Алена Фрибус мәлімдеді. Оның айтуынша, еріктілікті қолдау мақсатында жеделхат-бот құрылған. Онда қазір 450 ерікті мен 68 ұйым тіркелді.

– Өткен жылы облыстың еріктілер ұйымдары арасында грант алуға конкурс ұйымдастырған болатынбыз. Жалпы қор – 2,5 млн. теңге. Биыл жобаны іске асыруға 5 млн. теңге бөлінді. Жалпы, облыс бойынша 2023 жылы волонтерлік қызметті қаржыландыруға 36,7 млн. теңге бөлінді, – дейді Алена Алексеевна.

● КИНОИНДУСТРИЯ

«Скринлайф» – жаңа кино түрі

Белгілі режиссер Тимур Бекмамбетов Қазақстанда таланттарды баулитын жаңа жобаны іске асырмақшы. Ол жоба – «Скринлайф» деп аталады. Режиссердің айтуынша, жоба – цифрлық жаңа кино тілі. Сол арқылы режиссер Қазақстандағы қарапайым таланттар туралы жалпы қоғамның цифрлық өмірі туралы баяндайтын экран өмірі жанрындағы жаңа кино түрін дамытуға ниетті екенін жеткізді. Бұл туралы ол Мемлекет басшысымен кездесуде де мәлімдеген болатын.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Еліміздің кез келген бұрышында сондай адам таңғаларлық өнерлері немесе ой-идеялары бар жандар жетерлік. Оларды талант дейміз. Айтпағымыз, сол ел мен жерді өзге елге танытар кей таланттардың танысы, не мардымды табысы жоқ. Содан соң олар қатардағы жанның қасында, көптің бірі болып тағдыр жетегінде кете барады. Мен және менің компаниям Қазақстанда осындай таланттарды баулитын «скринлайф» деп аталатын жаңаша жобаны қолға алмақпыз. Бұл – біздің цифрлық өмірімізді баяндайтын жаңа кино тілі. Дарыны бар таланттарға мүмкіндік берсек, олар біздің елдің одан әрі дамып, көркеюіне сеп болар еді. Нағыз актерлер өздерін экран алдында қалай көрсетеді, болашақты қалай армандайды осының барлығына жауап берер нағыз кәсіби актер шығару мақсатымыз, – деді режиссер Тимур Бекмамбетов.

● ФУТБОЛ

«Окжетпесті» оңдырмады

Жерлестеріміз жеңіске жетті. «Шахтер» футбол клубы Қазақстан премьер-лигасының 20-турында көкшетаулық «Окжетпес» командасымен ойнады. Матч 2:0 есебімен аяқталды. Қарағандылықтардың қоржынына үш ұпай түсті.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Футбол мамандарының пікіріне сүйенсек, бұл матчтың айқын фавориті – «Шахтер». Бірақ, «Окжетпестің» ойыншылары мұны теріске шығара жаздады. Ойын басталған бетте прессингке көшіп, қарағандылықтарды қыспаққа алды. Тіпті, гол соғатын бірнеше мүмкіндігі болды. Бірінші таймда сәтті өткізді. Екінші кезең басталған бетте «Шахтер» допты толықтай бақылауға алды. Бақы-

лап қана қоймай, жүйелі шабуылдар ұйымдастырды. Алғашқы гол 66-шы минутта бұрыштамадан соғылды. Әуемнен жеткен допты қақпаға баспен бағыттаған Руслан Боловтың соққысын қарсыластың қақпашысы қайтарған. Бірақ, қарауылда тұрған Иван Свиридов допты қақпаға тоғытты. Одан кейін де жерлестеріміз шабуылды үдетіп, екінші голды соқты. Авторы – Тимур Чогадзев. Ойынға және команданың қазіргі құрамы жөнінде «Шахтердің» бас бапкері Игорь Солошенко өз пікірін білдірді.

● УШУ-САНЬДА

Қытайда күміс еншіледі

Қытайдың Макао қаласында Ушу-Саньдадан жастар арасында Азия чемпионаты аяқталды. Онда ұлттық құрама сапында қарағандылық спортшылар да өнер көрсетіп, ел намысын қорғады.

Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебінің тәрбиеленушісі Әли Ибрагимов жоғары нәтиже көрсетіп, II орынды жеңіп алды.

– Әли 2006 жылы туған, салмағы – 70 келі. Финалда қытайлық спортшыға ұпай санымен жол берді. Бұл – қытайдың ұлттық спорты. Десе де, Әли барын салды. Шамалы ғана ұпай жетпей қалды, – дейді аталған спорт мектебі басшысының оқу спорт жөніндегі орынбасары Жалғас Әубәкіров.



● ШАҒЫН ФУТБОЛ

Көш басында – Қарағанды

Ақмола облысы Степняк қаласында ерлікпен қаза тапқан өрт сөндіруші Асқар Забикулинді еске алуға арналған шағын футболдан республикалық турнир өтті. Оған облыстардың төтенше жағдайлар департаменті атынан 8 құрама команда қатысты.

Турнирге қатысушылар лайықты ойын көрсетті. Ойындардың қорытындысында жүлделі I орынды Қарағанды облысы ТЖД командасы иеленді.

Турнирде ерекше көзге түскен қатысушылар арнайы номинациялармен марапатталды. Қарағандылық №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі бөлімшесінің командирі Дархан Қошықов, «Турнирдің үздік қақпашысы» аталымын жеңіп алды.

Бұл жеңіс өрт сөндірушілердің шымырлығын әрі спортта да кәсібилігін көрсетеді.



● ЖЕКПЕ-ЖЕК

Қолда – қола медаль

Қарағандыда «Динамо» денешынықтыру және спорт қоғамының X ведомстваралық спартакиадасы мен құқық қорғау органдары, арнайы және күш құрылымдары арасында қоян-қолтық төбелестен Ішкі істер министрлігінің X чемпионаты мәреге жетті.

Спартакиадаға 33 команданың 334 спортшысы қатысты. Мұнда әйел-қыздар да өнер көрсетті.

Спартакиадада командалық есепте III орынды – Ұлттық ұлан өкілдері, II орынды – «Динамо» ДСК командасы, ал I орынды ПМ командасы иеленді.

Қоян-қолтық төбелестен ПМ чемпионатында III орынды – Маңғыстау облысы ПД командасы, II орынды – Атырау облысы ПД құрамасы, ал I орынды Қарағанды облысы ПД командасы жеңіп алды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● КӨРМЕ

Жер астындағы өмір һәм көмір

Қарағандыдағы «Алтын ғасыр» галереясында Кеншілер күніне орай «Жер астындағы сансыз метр...» атты көрме ашылды. 27 туынды қойылған шағын экспозицияның мән-мазмұны айқын: көмір үшін өмірін арнаған кеншілердің еңбегін көрерменге паш ету. Көрменің ашылу кезеңі «Қазақстан» шахтасында болған трагедиямен тұспа-тұс келді. Экспозиция шахтада ояп болғандардың рухына арналды. Көрмедегі картиналар кеншілердің өмірі туралы тіл қатқандай.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Галерея басшылары Бибігүл Исполова мен Татьяна Абилова біздің заманымызда елге ең құнды отын өндіретін кеншілердің қаһармандық еңбегін көрсету, болашақ ұрпаққа олардың ерліктері туралы естелік қалдырудың маңыздылығын атап өтті. Бибігүл Исполова биыл 30 жылдан астам уақыттан кейін қарағандылық суретшілердің жер астына түсіп, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ «Қазақстан» шахтасының нөлдік көкжиегінде көмір өндіретін №3 учаскедегі лавада болғанын тілге тиек етті.

– Шахтер – ең қауіпті мамандықтың бірі. Кеншілер өзіне беймәлім жерлерге аяқ басады, тау жыныстарын жарып жібереді, кен балғасымен жұмыс істейді,

жол салады. Олардың жұмысы – нәтижеге жету, ұнғымалау, лаваға түсу. Кеншілер жұмысында романтика жоқ: шексіз қараңғы жерасты туннельдері арқылы қозғалған, берік тіректері бар, физикалық зор күш жұмсайтын бейне көз алдына келеді, – деді Бибігүл Исполова.

– Өз еңбектерінде авторлар шахтаны тірі организм ретінде көрсетті: зор қорқынышты, ауыр мінезді, бірақ адамға бағынған. Олар осы алыптың ішіне сніп, мүлдем басқа әлемді көре алды, – деп қосты Татьяна Абилова.

Шахтаға екі бірдей суретші тобы түскен. Бірінші топ биыл көктемде, екіншісі жазда жер астындағы өмірді өз көзімен көрді. Ал, бірінші қатысушылардың арасында Владимир Проценко, Айдархан Қалмаханов, Таңсық Мәжитова, Галина Коломенская және басқа авторлар бар. Марьяна Макеева екінші топта

болған. Ол зор әсер алғанын айтты.

– 190 қабатты үйдің тереңдігінде, жер қойнауында, әлемдегі ең қауіпті шахталардың бірінде көргендерім ұзақ уақыт бойы жадымнан өшпес. Ізгілендіру, цифрландыру, жасанды интеллект, криптовалюта кезеңінде жер астында, тас қараңғыда, тар жерде, шаңда және шуда ең ауыр жұмыс жасап жатқан адамдардың қаһарман еңбегі әркімге ой салмай ма?! Бұл жұмыс құдды қарапайым еңбек адамдарының жерге тағзым еткені секілді, – дейді Марьяна.

– Бұрын суретшілер шахталарға тұрақты түрде түсетін және көрмелерде еңбек адамына, оның ішінде, кенші бейнеленген портреттерге басты орын берілетін. Осыдан кейін 30 жылдық үзіліс

Шахтаға түскен суретшілердің барша-сы ұмытылмас әсер алғанын мойындайды. Суретші Таңсық Мәжитова шахтер болу дегеннің не екенін, оның физикалық тұрғыдан қаншалықты қиын екенін анық өз көзімен көріп, түйсінгенін айтты.

– Біз жай ғана бақылаушы едік, бірақ соның өзіне көп күш жұмсалды. Ал, кеншілер ауысымдарды сол жерде өткізеді... Бұл – ауыр жұмыс. Кеншілер үнемі, күн сайын тәуекелге барады, – деді ол.

Галина Коломенская қылқаламдағы әріптесі Юлия Комарницкаямен бірге жұмыс істепті. Оның жолдасы да шахтер. Шығармалар бірнеше стильде: интерьер жұмыстары, ұлттық тақырыптағы жұмыстар, шахталары бар сәндік пейзаждар, сонымен қатар заманауи кенептер.

«Менің атам 1930 жылдары осында келіп, шахталарды жобалаған, ал әкем



болды. Шахтаға түсіп, жер астындағы тіршілікті көрген әсерімнен осындай картиналар туыды, – деді Владимир Проценко.

Оның «Шахтер Николай Романовскийдің портреті» атты туындысы көрмеге қойылған. Ол кейіпкерді бірінші топпен шахтаға түскенде кездестірген. Ашық-жарқын нағыз еңбек адамының бейнесі дерсің.

өмір бойы тау-кен саласында жұмыс істеген. Ол «Шахтер даңқы» ордендерінің толық кавалері. Мен үшін шахтаға түсу бұрын-соңды болмаған ерекше әсер қалдырды», – деп атап өтті Галина.

Айта кетейік, «Алтын ғасыр» галереясындағы «Жер астындағы сансыз метр...» көрмесі 4 күрдейке дейін жалғасады.

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МӘНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Арағат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальнаы Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯТКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призеркс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Оскарлов: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyq.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD0003131,
БИК KСJБЗKZХХ БИН 000840001412
Таралымы 4 396
№ 93 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің көпмәселілі орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**